

## Әскери міндеттілерді оқу жиындарына шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 4 наурыздағы N 294

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылы даярлау, қайта даярлау және әскери білімдерін жетілдіру жөніндегі оқу жиындарына запастағы солдаттар мен сержанттар 3500 адам санында шақырылсын

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен оқу жиындарын өткізудің мерзімдері мен уақытын келіссін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі оқу жиындарын өткізу шығыстарын 1997 жылы қорғанысқа көзделген бюджеттік қаражат шегінде қарастырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі